

Кенттік су құбыры желілерін тарататын жер учаскелеріне құқықты белгілеу (қауымдық сервитут) шектеулі пайдалану туралы

Ақмола облысы Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің 2024 жылғы 10 мамырдағы № 01-06/28 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Қосшы қаласы Тайтөбе ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тайтөбе ауылындағы (кенттік су құбыры желілерін тарататын) сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту үшін ауданы 10,4802 га мемлекеттік меншіктегі жерлерге "Қосшы қаласының құрылыс бөлімі" ММ-не жер схемасына сәйкес жер учаскелеріне шектеулі пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы берілсін.

2. "Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

П.Досмағанбетов